

## **БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ОТБАСЫ ПРОБЛЕМАСЫНЫҢ В.А.СУХОМЛИНСКИЙДІҢ ОЙ – ПІКІРЛЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ**

*Қосыман Айбек Қонысбайұлы  
ҚМПИ, психология және педагогика  
мамандығының 2 курс студенті  
Шалғымбекова Ә.Б., ҚМПИ  
педагогика кафедрасының аға оқытушысы,  
ғылыми жетекші*

Отбасы – шағын мемлекет. Оның гүлденіп, рухани баюы ел болашағының кепілі. Салауатты қоғамның мақтанышы, үлгісі. Алайда, ыстықта да, суықта да бірге болып, өмірдің ащы-тұщысын бірдей татуға серттесіп бас қосқан жандар түрлі себептермен ажырасып жатады. Әрқайсысының өмірі өзінше бір трагедия. «Мінезіміз келіспеді» дегеннен бастап, отбасының материалдық мәселелері, ерлі-зайыптының біреуінің денсаулық жағдайы, т.б. сияқты объективті-субъективті факторлардың әсерінен қаншама шаңырақ шайқалуда. Бірақ ең басты себеп, В.А.Сухомлинский айтқандай: «Отбасы ішіндегі рухани байлықтың, адамгершілік қарым – қатынастардың жетіспеушілігі. Қыз бен жігіт үйленгенінде некелі өмір талап ететіндей өзара қарым – қатынастың сол бір күрделі де нәзік мәдениеті жайлы түсініктен бейхабар болуы. Үй болу, күн сайын бір жерде, бір бөлмеде, сағынып кездесудің бақытты сағаттарында емес, өмір бойы бірге тұру – еш нәрсемен салыстыруға келмейтін үлкен еңбек, рухани еңбек, зор сергектік екенін олар білмейді және оларға ешкім айтпаған. Оны білу үшін зор рухани мәдениет, рухани дайындық, даналық мектебің өту қажет» [1].

Сарапшылардың деректеріне үңілетін болсақ, 2013 жылдың бірінші тоқсанына сәйкес, Қазақстан бойынша 100 некеге шаққандағы ажырасу 34, яғни 34 015 неке тіркелген болса, 11 613 отбасы ажырасуға арыз жазған. Бұл өткен жылдағы көрсеткіштен 6,5 пайызға жоғары. Бұл жерде жаңадан құрылған әрбір үшінші отбасы бұзылып жатыр [2].

Жалпы алғанда отбасы құру – махабаттан басталады екені анық. Бірақ адамдық махабат деген, қандай махабат? «Адамдық махабат – бұл табиғи құмарлық немесе табиғи инстинкт емес, бірақта әртүрлі жыныс өкілдерінің бір – біріне деген сезімдері инстинктісіз басталуы ойға қонымсыз. Адамдық махабат – бұл тән мен жанның, ақылмен идеалдың, бақытпен міндеттің үйлесімділігі», - дейді В.А.Сухомлинский [3].

«Адамға өзінің аналақ немесе әкелік міндетін сезінуді жөргекте жатқан кезден – ақ үйрете беру керек – мәселе міне осында» [1]. Ден беріп қарайтын болсақ, қоғамның басты мәселелерінің бірі ұл мен қыз баланың негізгі өмірлік міндеті, яғни отбасын құрып бала тәрбиелеу ісінің жетік түсіндірілмеуі, меңгерілмеуі болып табылады. Жастарымыздың көбі неке құруға дайын еместігі, тәжірибелерінің жеткіліксіздігі айтпай – ақ дәлел. Мектеп оқушыларымен, жастармен неке, отбасы мәселелері туралы әңгіме құрғанда, көбісі оған астыртын қарап, эмоцияларында күлкі ойнайды. Жауаптылықты, отбасының маңызын, қадыр қасиетің сезіне бермейді. Бір өмірлік оқиғаны қарастырайық:

«Анасы мектепке қызын алып келді.

Ана... ол сонау уақыттан бері тіптен өзгермеген, осыдан он жыл бұрын алға шығып, емтихан билетін алып және дайындалмай-ақ сыннан өткен еді, - тарихтың барлық сұрақтарына да мүдірмей жауап берген болатын. Одан соң әдебиеттен, математикадан, химиядан, физикадан дәл сондай жауаптар. Ол мектептің мақтанышы болып еді. Зымырап жылдар өтті. Ол – қазір енді ана, мектепке дейінгі топқа қызын тізімге тіркеуге келіп тұр. Оның өмірі жайлы бірдеме білгім келетінін сезгендей – ақ, жас ана әңгіме бастады:

- Институтқа түсіп, екі курсын бітірдім. Өте жақсы оқыдым. Әйтседе тағдырдың шешімі басқаша болды. Тұрмысқа шықтым. Күйеуімнің жұмысы үнемі көшіп – қонумен байланысты болды, институттан қол үзуге тура келді. Күйеуім екеуіміз жарты жыл ғана бірге тұрдық. Ажырастық. Осыны біреулерге айтсаң, - мүсіркеулік білдіріп, үн-түнсіз қалады

немесе кез келген сөздерді айта салып, жұбатпаққа тырысады. Мүсіркеудің де, жұбатудың да керегі жоқ. Бізді жас шағымызда тәрбиелегендерге үлкен өкпем бар.

Келіншек күрсіндіде үндемей қалды. Оны қобалжытып тұрған мені де көптеген жылдар бойы толғанып жүрген мәселе екенің сезім де:

-Сонда өкпеңіз қандай? – деп сұрадым.

-Өмір сүруді үйретпепті. Біз, күйеуім екеуіміз бір – бірімізді ұнатпағандықтан, болмаса үйреншікті айтылып жүрген «мінезіміз келіспегендіктен» ажырасқан жоқпызғой. Жоқ, біз тек өмір сүре білмейді екенбіз. Ол да, мен де күйеу мен әйел бола алмадық. Бір – бірімізді сүйе білмедік. Иә, адам махабаты өнерлі болуды қажет етеді. Бізде тіпті күйеу мен әйелдің махабаты не екенін білетіндей түсінікте болмады және бізге бұл туралы айтпақ болып ешкім ұмтылмады да. Бір – бірімізді құрметтей білмейміз. Сезімді ақылға жеңдіре білмейміз. Өмірді қадірлей білмейміз – о, өмірді қадір тұта білу қандай ғанибет» [1].

Өмір деген – толған сезім мен махаббат. Ең бірінші өзінді сүюі, одан кейін қоршаған ортанды сүюі және ең түбінде жетілу арқылы өзінді тану, артынан ұрпақ қалдыру өмір мәні. Жастарымыздың бұл тұста жіберіп жатқан қателіктері, дәлірек айтқанда өмірді қастерлей білмеуі, болашақ әке, ана деген әлеуметтік рөлдерінің маңызын түсіне білмеуі қоғам қайшылығы. Сол себепті, отбасы құру алдында адам ең бірінші өзін танып алуы тиіс деп ойлаймын. Қай заманда болмасын адам баласы әрқашан да бақытты болғысы келеді. Өзін бақытқа жеткізетін, махаббат дейтін ләзәтқа жеткізетін адамды іздейді. Ажырасудың өзі де кейбірулерге бақыт. Жас отбасылар не үшін ажырасады? Себебі жас отбасылар некелі кезінде бақытсыз болып, бақытқа жетудің бірден – бір амалы ретінде ажырасуды мақұлдайды. Яғни, адам бақытты болу үшін ажырасады. Бақытты іздейді. Бақытсыз адам, айналасын да бақытты ете алмайды. Етсе де алдамшы көңіл. Жастарымызды бақытты болуға және сол бақытты сақтап қалуға үйрету керекпіз. Сынарларының жаның түсініп, әрқашан қолдау көрсету, бір бірінің мұн қайғысына, қуанышына ортақ болып, жанынан табылу отбасыны сақтап қалудың алғашқы баспалдақтарының бірі.

В.А. Сухомлинский ажырасқан талай отбасыларды зерттей келе, оның бір себебін былай дейді: «Некелі болып тұра білу – адамның бірін – бірі сүю, құрметтеу, қасында қосағы барын ұмытпау дегеннің өзі не? Ол әуелі өзіңнің тілегінді жетекке ала білу, отбасының, ата – ананың, балаларының мүддесі үшін біраз тілектерді тежей білу, тілектеріңді мөлшерлей білу. Адам тілектерінің өркендей түсуіне кең өріс беретін бұл дүниеде тек кімде – кім тілегінің әміршісі бола білсе, сол ғана бақытты, - мұны естеріңізде ұстаңыздар, құрметті әкелер мен аналар, және балаларыңызға да осыны үйретіңіздер. Ең алдымен өзіміздер, жеке – дарашылдар – өз тілегін бәрінен де жоғары ұстайтын жас адамдар – ажырасуға асығады» [1]. Бұл да шындық. Адам тілектері кейде мардымсыз болады. Солардың бірі, егер әр сөздің, ойдың материалды екенің ескеретін болсақ, ең сорақысы «мен баланы өзім үшін туамын» деген тілегі. Жас отбасы түсіну керек, баланы дүниеге әкелу дегініміз – ата -ананың өз махабатың шындау екенің. Яғни, отбасы жас сәбиді әлеуметтендіріп, қоғамның бір мүшесі ету мақсатында, махаббат дейтін сезімді рухани биік шынға жетілдіріп, жұбайлардың бір-біріне деген сезімді нығайтуда және осы үлкен махаббатты баласына сіңдіре білуде. Жастар сіздер мән беріңіздер, баланы жеке мүдде үшін дүниеге әкелмейді, жеке мүдде үшін дүниеге әкелу күнә. Себебі сіз солай істей отырып, өзіңіз бақытты болу үшін, баланыздың бақытың құрбан етесіз. Оның мәні, өте көп аналық махаббаттың кесірі. Ал ол өз кезінде баланың жан – жақты ашылуына кедергі жасайды. Әр жан иесі өмірге өзін құрбан ету үшін емес, дамып жетілу үшін келеді. Баланы махаббата ұлы сезімге жетілу үшін әкеледі. Бұл заңдылық.

Отбасының бақытты болуы ер мен әйелдің қолында. Олардың әрқайсысының ішкі рухани байлығы, дүниетанымы, өмірге деген көз қарастары, өз -өздерін ізгі жолда жетілдіруі – бақыт кепілі. Әр қайсымызда махаббат деген жетерлік, тіпті артық, ал оны көрсете білуде дефицит. «Тексеріп көр өзінді, жас жігіт, үңіл ішкі дүниеңе: адамдарды сүюге, оларға өзіңнің рухани күшінді ұсынуға қабілетің келер ме екен. Есінде болсын, бәрінен бұрын балаларыңды сен әйеліңе деген шынайы махаббатыңмен тәрбиелейсің. Ал шынайы сүю дегенің – ол екінші бір адамға бар рухани күшінді беру, сіңіру, оған өзің дарытқан жақсылықтың шөкімдейін

көру. Жақсы күйеу өз отбасының бақытын махаббатымен жасайды, және сол махаббат, раушан гүліне жиналған күн көзінің жылуы мен күн сәулесінің жарығындай, сол махаббат сенің балаларыңның адамгершілік сұлулығына айналды, әке» [1].

«Отбасы» деген кезде бірден ойымызға «махаббат» деген сөз түседі. Махаббаттың өзі екі мінезді: бір де адамды таза, пәк сезіммен мас қылдырады, енді бірде керісінше жандырып, күйдіреді. Қандай жағдайда таза, пәк сезіммен мас қылдырады? Егер жас жұбайлардың арасында бостандық болса және құндылықтар жүйесі дұрыс болса. Бостандық – отбасы мүшелерінің арасындағы сенімнің кепілі. Адам баласы табиғатынан бостандық иесі. Сол бостандығынан шектеу жандырып, күйдіреді, яғни ұрыс жанжалдың кепілі болады. Өйткені, жұбайлардың әрқайсысында өз қалауларын және тілектерін айту да еркіндік болу керек. Қорыта айтқанда бостандық жоқ жерде, махаббатта жоқ. Таза, пәк сезімге мас қылдыратын махаббат мінезінің тағы бір жағдайы ол – құндылықтар жүйесі. Мен құндылықтар жүйесі ретінде, отбасының негізгі ұстанатын бағыты немесе отбасыны сақтап қалудың шарты ретінде түсінемін. Жас жұбайларға осы шарттың алты түрі тиесілі деп ойлаймын. Біріншісі және ең бастысы, өзінді және сыңарынды сүю. Адам ең бірінші өзін сүйе білу керек, содан кейін ғана ол өз махаббатын басқаларға көрсете алады. Екіншісі, ермен әйел арасындағы жеке әлемі, олардың махаббат алмасуының, сезімдерінің білдіруінің кеңістігі. Осы жерге бір біріне деген сенім білдіру, ілтипат көрсету, жаның түсіну кіреді. Үшіншісі, балаға деген махаббат. Сол арқылы ермен әйелдің рухани дамуы. Төртіншісі, Отанына, ата –анасына деген құрмет. Бұл жердегі Отанға деген құрмет – өзінің ұлтына, салт – дәстүріне, Отанының игі жақсыларына – деп түсінген абзал. Әке – шешесін құрметтеу, олардан үлгі өнеге алу - парыз. Бесіншісі, мамандығына, жұмысына деген махаббат. Халқымыз өмір де екі нәрседен қателесуге болмайды дейді: «Бірі мамандық таңдаудан, екіншісі ақ жаулық (келін) таңдаудан».



Құндылықтардың дұрыс қойылмауы ажырасудың себептерінің бірі ретінде қарастыруға болады. Түйіндей келгенде, махаббат отбасының негізгі фундаменті, оны дұрыс құра білуде өнер, сол өнердің ең биігіне жету отбасының беріктігінің кепілі.

Жылына Қазақстанда 200 мың қыз түсік жасатады екен. Үйленгенше есіл дертін алған сүйгенінен жыл өтпей-ақ суық жылан көргендей жеріп шығу қазақтың тарихында болмаған қасіретке айналды. Бауырында бала қалған жалғызбасты әйел мен соқа басы сопайған ер-азаматтың артуы қоғамның алаңдауына негіз болатын-ақ себеп [2]. Тағыда бір оқиғаны қарастырайық.

«Қартайғандағы жалғыздық – адам өміріндегі ең ауыр қайғы. Өмірде болған мына бір оқиғаны уайым – қайғысыз жастар, сіздер оқыңыздар, алдынан хош иісті гүл кезіккен шақта, бала бесігімен әуре болып жүрген де, аздап өңінен айрылған өз жарынан аяқ асты айнып шыға келген әкелер, сіздер, оқыңыздар... Мен мұның бәрін өмірде қалай болса солай айнытпай айтамын, бірақ аттарын атамаймын.

Жарық дүниеде шеше, әке және олардың ұлы өмір сүріп жатты. Әкесі әйелін тастап кеткенде, ұлына бір жас та толған жоқ еді. Ол бұларға қайда, неліктен кеткенін айтпай, ұрланып тайып тұрды

Шеше мен бала өздері қалды. Шешеге оңай болған жоқ. Ол таңертең ұлын балабақшаға апарып, содан кейін жұмысқа кететін. Ұлы өсіп жатты. Шешесі енді оны қолына көтеріп емес, балабақшаға жетектеп апаратын болды. Ол өзі сияқты балалардың тек қана шешелері ғана емес, әкелері де бар екенін білді. Бұл жаңалық оның балалық жанын қайран қалдырды. Бала бірде шешесіне:

-Неге өзге балалардың әкелері бар, ал менде жоқ? Балалар әкесіз өмірге келмейді дейді... Осы рас па?

-Иә, әкесіз өмірге келуге болмайды.

-Сөйтіп, біздің де әкеміз болған ғой?

-Иә, біздің де әкеміз болған. Ол бізден кетіп қалған...

-Неге кетіп қалды?

-Ол бізді сүймейтін, сондықтан да кетті...

-Ал сүймейді деген не? – деп сұрады ұлы.

Шешесі өзінше түсіндірді. Үш жасар бала бәрін ұға қойған жоқ, сондықтан да шешесі:

-Біраз өскен соң түсінерсің, - деді.

Жыл өтті, екі жыл өтті. Бес жасқа келген бала шешесінен:

-Мама, біздің әкеміз өзін сүйуші ме еді? – деп сұрады.

-Ол өзін бізден де кем сүйетін, өзін ол сүймек түгіл сыйламайтын да...

-Өзін сыйлау деген не?

Шешесі түсіндіруге тырысты. Бірақ бес жасар бала әлі мұндай күрделі нәрселерді түсіне алмайтын еді.

Тағы да екі жыл өтті. Жеті жасар бала тағы да шешесінен:

-Мама өзін сыйлау деген не? – деп сұрады.

Бұл – балаларының бойына өз қасиетін сіңіру арқылы жер бетінде қалып қою. Егер де кімде – кім өз балалары арқылы өзін қалдырғысы келмесе, ол оның адам болғысы келмегені.

-Ал ол, біздің әкеміз, мұны ұққан жоқ па? – деп сұрады таңырқаған бала.

-Ол мұны тек қартайғанда ғана ұғады.

Балаға тоғыз жас толғанда шешесі басқа күйеуге шықты. Ұлымен жеке қалғанда ол баласына:

-Бұл адам мені сүйеді, мен де оны жақсы көремін. Егер ол сені, сен оны ұнатсаңдар, мүмкін, сен оның ұлы, ол сенің әкең болар. Әзірше оны әке де, аға да деме. Оған тек «сіз» десең болды.

Шешесінің екінші күйеуі мейрімді, адал адам болды. Алайда бала оған ашыла қойған жоқ, өйткені сенбейтін. «Егер мені туғызған адам маған әке бола алмаса, бөтен адам әке бола ала ма?» - деп ойлады. Бұлай ойлау оған тіпті ауыр еді.

Бала ауырып қалды. Ол біраз уақыт күндіз – түні ессіз жатты, тек анда – санда ғана есі кіруші еді. Бір күні түнде ол өзін дұрыс сезініп, көзін ашқанда жанында отырған өгей әкесін көрді. Ол мұның әлсіз қолын ұстап отыр екен. Бала көзін жұмды, осы бір сәт мәңгілік созылса екен деп тіледі. Бір, екі, үш минут өтті. Баланың жүрегі қуанғаннан қатты соғып жатты: өгей әкесі қолын сипап отыр. Ол – мұның жазылып кетуін қалайтынын түсінді. Бала одан әрі көзін жұмып жата алмай, көзін ашты да күлімсіреп:

-Мен сізді әке деп айтайын, жарай ма? – деді

Бірнеше жыл өтті, бақытты отбасының басына ауыр қайғы орнады: айықпас сырқаттан шешесі біржолата жатып қалды. Ол он жыл ауырды, осы жылдар ішінде оған күйеуі мен баласы қамқорлық көрсетті. Ұлына жиырма үш жас толғанда, шешесі қайтыс болды. Жігіт үйленді. Оның өзі ұлды болды. Өгей әкесі қартайып, әлсіреді. Ұлы оны

жанындай жақсы көретін, онсыз үйде тамаққа ешкім отырмайтын, оның ақылынсыз ешбір мәселе шешілмейтін.

Бірде үй іші тамақтанып отырғанда, біреу есік қақты. Қартайған шал кірді.

-Мені танысың ба?

-Жоқ, танымаймын.

-Мен сенің әкеңмін.

Бәрі ұлының есіне түсті. Ол:

-Міне менің әкем, ал сіз мен үшін жай ғана бір шалсыз.

-Сен менің туған ұлымсың, - деді шал. – Мені қолыңа ал, асыра.

-Жарайды, бізде тұра беріңіз, - деді ұлы, - алайда мен сізді жақсы көре де, сыйлай да, әке дей де алмаймын.

Осылайша олар айналасын алма ман шие ағаштары қоршаған үйде бірге тұрып жатыр.

Жаздың жайма – шуақ күндерінде отбасы бақтағы столға тамақ ішуге отырды. Көңілді әңгіме, күлкі естіліп тұрады. Ал шал болса өзінің бөлмесінде, терезесінің алдында ақ шашты басы салбырап, жылап отырады.

Осы бір оқиға төңірегінде ойланып көріңіздерші әкелер. Сіздер де ойлаңыздар, жаңа ғана үйленгелі жүрген жастар. Отбасыны құрайтын және оның босағасын бекітетін күш – махаббат. Әке мен шешенің, әке мен балалардың, шеше мен балалардың арасындағы бір – біріне адал, шын берілген махаббат. Алайда махаббат басқа жақтан, сырттан келіп басқа қона қалатын нәрсе емес. Махаббат – орасан еңбек. «Отбасы тынымсыз махабаттық еңбек арқылы құрылады», - деп жазған Ф.М.Достоевский [1].

Махаббаттық еңбек дегеніміз – адам өзінен кейін балаларын өмірде қалдыруы – өзінің рухани байлығын солар арқылы жалғастыруға саналы түрде ұмтылуы. Егер сіз өзіңіздің балаларыңызды шын ниетіңізбен сүйетін болсаңыз, оларды шын жақсы көріп, адал болсаңыз, сіздің әйеліңізге деген махабатыңыз жылдар өткен сайын әлсіремейді, керісінше, тереңдей түседі. Махаббат – ерліктің нәзік, осал, ерке баласы. Адамның өзін балалары арқылы жалғастыруы – бұл махабатта ер жүрек болу деген сөз [1].

«Үйлену оңай, үй болу қиын» - дейді дана халқымыз. Бұл мақал – мәтел бүгінгі таңда жиі қолданылатын сөз тіркесіне айналуы, жүректі ауыртады. Тағы бір өкінішті жағдайы, ажырасудың салдары өмірдің жаңа ғана өмір есігін ашқан сәбиге тиюі.

«Болашақ – бүгіннен басталады». Бүгінгі бойжеткен – ертенгі ата –ана. Махаббат үшін, өзін үшін, Отаныңның болашағы үшін күресе білу, оны сақтап қалу жастардың әрқайсысына байланысты. Отан – отбасынан басталады. Қорыта келе, жастарды «Отбасы» деген асыл құндылығымызды сақтап қалуға, оны биікке жетелеуге, өзімізден кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге болуға шақырамын.

#### **Пайданылған әдебиеттер:**

1. Сухомлинский В.А. Ата – ана педагогикасы. – Алматы «МЕКТЕП» 1983 ж.
2. Бұхаралық ақпарат құралдары (БАҚ) «Отбасы мәселесі».
3. Сухомлинский В.А. Рождение гражданина. – Издательство ЦК ВЛКСМ «Молодая гвардия» 1971.